

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 14)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Бағдарламаға жазылым	Бұл математикалық және ғылыми құжаттарды тану, цифрлау және түрлендіру үшін жасалған технологиялық экожүйе. Mathpix компаниясы негізгі өнімін — Mathpix Snip — ғылыми мәтіндер мен формулаларды автоматты түрде танитын және оларды LaTeX, Markdown, DOCX, HTML және басқа форматтарға түрлендіретін сервис ретінде ұсынады. 1 жылғы жазылу құны 51 200 теңге Grammarly Premium Annual and LanguageTool Premium Annual үшін: Grammarly Pro (Premium) – 1 жылдық жеке (individual) жазылым; Лицензия 12 ай бойы белсенді, төлем қайтарымсыз (refund шарттары – Grammarly ережесіне сай), тіл: негізінен ағылшын тіліне арналған жазу ассистенті. 1 жылғы жазылу құны 74 600 - OpenAI ChatGPT Business үшін: жоба ретінде — ай сайын бір орын үшін US \$30/ай, жылдық жоспарымен — US \$25/ай (seat/mo); шексіз хабарлама (месседж) жіберулер мен GPT-5 үлгісіне толық қолжетімділік; жоғары өнімді AI-мүмкіндіктер: GPT-5 “ойлау” режимі, зерттеу, мәтін/код генерациясы (мысалы, Codex) және басқа да алдыңғы қатарлы модульдер; Командалық жұмыс ортасы; пайдалану статистикасын қадағалау, команда ішіндегі ішкі құралдармен интеграциялау мүмкіндігі бар.	3
	Барлығы		3

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Ғылым департаментінің жетекші маманы

А.Ошибаева

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде

монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
 - Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.
-

Жеткізу мерзімі

7 күнтізбелік күннен аспауы тиіс